

## БӨЛІМ: БАЯНДАМАЛАР

**Балабақша - бақытты балалық шақтың мекені**ЖАРИЯЛАНДЫ  
22.05.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/75150/>

Балабақша -барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы. Мұндағы тәрбие мен білім балалардың табиғи мінезін, қабілетін ерте дамытады. Адам өміріндегі ең бір тәтті, алаңсыз бақытты шағы - балалық шағы. Мектепке дейінгі шақ адам өміріндегі ең маңызды кезең болып келеді. Осы кезде баланың бойындағы табиғи бар дарындылық жан -жақты дамиды. Барлық білімнің бастауы -балабақшада. Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі жас ұрпақтың білімнің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілеттері ұрпақ-ұлтымыздың баға жетпес байлығы. Балабақша -бақыт мекені.

Ақмола облысында Көкшетау қаласының төрінде орналасқан №7 «Айша» балабақшасы 2010 жылы кішкентай бүлдіршіндерге өз есігін айқара ашты. Балабақшада бүгінгі таңда -320 бүлдіршін тәрбиеленуде. Оқу -тәрбие жұмыстары мемлекеттік тілде жүргізіледі. Балабақша бойынша жалпы -16 топ бар, оның ішінде 2- санаторлы топ және 2-логопед топтары бар. Балабақша қажетті құралдармен, ойыншықтармен толық жабдықталған.

Біздің ұжымда -50 педагог қызмет атқарады. Балабақша ұжымы облыс, қала көлемінде ұйымдастырылып отырған байқаулардан қалыс қалған емес. Бірнеше рет алхыс хат, мадақтау, грамоталарымен марапатталып келеді.

Бүгінгі күні балабақша ұжымын басқарып отырған балабақша меңгерушісі Г.Т Искакова және жас болса өз маманының білгірі әдіскер И.С.Серікбай балабақшаның өркендеуіне өз үлестерін қосуда.

Бүгінде балабақшамыздың алға қойған мақсаты-елімізді өрге сүйрейтін білімді, жан-жақты дамыған, шығармашыл тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Балабақшамызда балаларға үздіксіз білім беруде барлық жағдай қарастырылған. Балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың жаңа технологияларды қолдана білу сауаттылығы, өте жоғары .Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толықтырылып жатыр. Балалардың тілін дамытуда, қызықты үйрету үшін жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибемізде қолдануға ізденеміз. Педагогтардың кәсіптік деңгейі - балабақшаның қаңқасы. Кәсіптік қызметімізде бізге көмектесетін бақшадағы әр тәрбиешінің шығармашылық белсенділігі, жаңалыққа құмарлығы. Педагогтардың балаға қуаныш сыйлауға, талмай еңбек етуі деген тілегі мен талпынысы балабақшаны мейірімділік пен сүйіспеншілік аймағы айналдырады.

«Ел есінде бір жыл қалғың келсе-ас бер, он жыл қалғың келсе- ағаш отырғыз, ал мәңгі қалғың келсе-бала тәрбиеле» дейді дана халқымыз. Балалардың ой-өрісін дамытуға, олардың қиялына қанат бітіріп, тіл байлықтарының молаюына тәрбиешілердің сіңірген еңбегі зор.

Адам баласы балалық шақты қандай сұлу, қандай нәзік, қандай таза десеңші. Әр бала өзінше бір әлем. Балабақшадағы тәрбиеші мамандығының иесі де, қиындығы да осы бүлдіршіндерді үлкен өмірге, қалтарыс-бұлтарысы көп өмірге даярлау. Тәрбиеші шеберлігінің мәні алдымен қызықтыру, сонан соң үйрету. Тәрбиешінің негізгі мақсаты-балаларға жақсы көңіл-күй сыйлап, саналы және сапалы білім беру.

Осыған орай, №7 «Айша» балабақшасында «Арт -терапия» технологиясының әдістерін кеңінен қолданамыз. Балалармен жұмыс кезінде арт-терапияны дұрыс қолдану барысында жақсы нәтижелерге жетеміз. Бұл әдістер қарым-қатынас дағдыларын дамыту үшін де және баланың өзіне деген сенімін нығайтудың тамаша құралы болып табылады. Ойын терапиясы, ертегі терапиясы, қуыршақ терапиясы, музыка терапиясы, құм терапиясы, бейнелеу терапиясы сонымен қатар би -қозғалыс терапиясы кеңінен қолданылады.

Балабақшадағы алға қойған мақсат – міндеттерінің бірі балалардың денсаулығын сауықтыру. Балабақшада сауықтыру шаралары үнемі жүргізіледі. Қазіргі заман талабына сай жабдықталған спорт залы бар. Дене шынықтыру нұсқаушылары әрбір ұйымдастырған оқу қызметі мен қатар спорттық іс-шараларды тиімді пайдалы өткізеді. Сонымен қатар хауыз жұмыс жасайды.

Балабақшаның жүрегі- музыка залы . Музыка жетекшілерінің басқаруымен музыка залында көңілді ұйымдастырылған оқу қызметі, мерекелік іс-шаралар мен ертеңгіліктер өткізіледі.

№7 «Айша» балабақшасында мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Инклюзивтік білім беру орталығы» жұмыс істейді. Инклюзивті білім беру орталығында білікті мамандар: дефектолог, психолог, логопедтер қызмет атқарады.

Баланың қандай болуы тәрбиеге байланысты екенің дәлелдеген дана Абай:

Адам болам десеңіз,

Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым ойлап қой-

Бес асыл, іс көнсеңіз-

деп, қоғамдағы пайдалы азамат болу үшін адам бойына қандай ізгі қасиеттердің қажет екендігіне ерекше тоқталады. Өйткені, елдің ертеңгі тірегі- балғындарымыз. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс . Бала тәрбиесі-баршаның ісі. Қазіргі таңда тәрбиешілер қауымына үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр.